**Облыстың ауылдық елді мекендерінің аз өнімді жерлерін шалғындандыру мен бүлінген жерлерін қайта қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 77/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 19 қаңтарда N 2878 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 156/11 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 156/11 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық Мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыстың ауылдық елді мекендерінің аз өнімді жерлерін шалғындандыру мен бүлінген жерлерін қайта қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс жер пайдалану департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық Мәслихаттың аграрлық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың аграрлық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы А. Гуськов*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

Павлодар облысы әкімдігінің
2004 жылғы 29 қараша
N 291/9 қаулысына
қосымша

**Облыстың ауылдық елді мекендерінің аз өнімді жерлерін шалғындандыру мен бүлінген жерлерін қайта қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы**

## 1. Паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | Облыстың ауылдық елді мекендерінің аз өнімді жерлерін шалғындандыру мен |

| | |
|---|---|
| | бүлінген жерлерін қайта қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіз | Қазақстан Республикасының Жер кодексі; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" N 838 қаулысы; Павлодар облыстық Мәслихатының 2004 жылғы 10 ақпандағы N 1/3 шешімімен бекітілген облыстың ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған облыстық бағдарламасы; Павлодар облыстық Мәслихатының 2004 жылғы 10 ақпандағы N 4/3 шешімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жер кодексін іске асыру жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған ұйымдық іс-шаралар жоспары |
| Негізгі әзірлеушілер | Облыс жер пайдалану департаменті, облыс бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті (келісім бойынша) |
| Мақсаты | Тұрғындардың қосалқы шаруашылығына жемазықтың жетіспеушілігінен тапшылық көріп отырған облыстың елді мекендеріне жақын орналасқан ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылған аз өнімді және тыңайған жерлерді шалғындандыру, сол сияқты шаруашылық қызмет нәтижесінде пайда болған жерлерді қайта қалпына келтіру |
| Міндеттері | Тыңайған жерлерді пішендік-жайылым айналымына тарту, топырақтың құнарлылығын және жемазық өнімділігін арттыру, тұрғындардың мал шаруашылығы үшін жемазық базасын нығайту, экологиялық жағдайды жақсарту. |
| Іске асыру мерзімдері | 2005-2007 жылдар |
| қаржыландыру көздері | Облыстық бюджет, Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері |
| Күтілетін нәтижелер | Шалғындандыру жүргізілгеннен кейін алғашқы 3 жылда 10 ц/га және келесі 5-7 жылдарда 8 центнерге дейін жоғарғы сапалы шөп алынады деген күтіммен ауылшаруашылық алаптардың қосымша аудандарын ауылшаруашылық айналымға тарту. Уақытша пайдаланылмайтын және бүлінген жерлерді құнарландыруды және қайта жаңғыртуды, |

оларды ластанудан, зиянкестер және аурулармен зақымданудан, желден бүліну қаупінен сақтауды, облыстағы экологиялық және әлеуметтік жағдайларды жақсартуды, ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы мен табыстарын арттыруды қамтамасыз ету

## 2. Кіріспе

Жер Қазақстан Республикасының ең негізгі байлықтарының бірі, халықтың ауқатты тұрмысының қайнар көзі болып табылады. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, жерде шаруашылық қызметті жүргізгенде табиғат қорғау технологиясы алдын ала ескерілуі, қоршаған ортаның табиғатына зиян келмеуі мен экологиялық жағдайдың төменге құлдырауына жол берілмеуі тиіс. Жерді қорғау ұғымына топырақ құнарлылығын қалпына келтіру және арттыру, жел және судан бүлінуден қорғау, ауылшаруашылық жерлері тұздануының, ластануының, зиянкестермен және аурулармен зақымдануының, арамшөптер басуының алдын алу, тозған жерлерді қалпына келтіруді іске асыру, олардың құнарлылығын қалпына келтіру, арттыру және ауылшаруашылық айналымына уақытында енгізу кіреді.

Ауыл шаруашылығының өзгеруіне, өндіріс ауқымдарының қысқарылуына байланысты, ауыл тұрғындарының негізгі бөлімі осы саладан шығарылып тасталды. Осындай жағдайда жеке қосалқы шаруашылықтары пішен және мал жайылымы алаптарымен қамтамасыз етілген мал шаруашылығы, өмір сүрудің ең негізгі көзі болып табылды.

Қазіргі уақытта, статистикалық деректер бойынша, облыстағы 83,3 % сүт және 74,4% ет өндірісі жеке қосалқы шаруашылықтарының үлесіне тиеді. Бірақ, бұл қорлар әлі таусылған жоқ. Әсіресе ірі кенттер мен ауылдар маңайындағы жемазық алаптары өнімділігінің төмен болуына байланысты жемазық жайылымдарының жетіспеуі негізгі шектеуші фактор болып табылады. Жақын жерде орналасқан ауылдардың жемазық алаптарын жоғарылату тек олардың ұйымдастыру-шаруашылық құрылымы жобаларын (осындай жобаларды әзірлеу қазір жүріп жатыр) іске асыру мен уақытша пайдаланылмайтын аз өнімді жерлерді шалғындандыру арқылы ғана мүмкін болады.

Одан басқа, облыста шаруашылық қызметі кезінде едәуір бөлігі иесіз қалған, көптеген бұзылған жерлер пайда болды (14 мың га астам). Бұл жерлерді қайта қалпына келтіріп, шаруашылық айналымға енгізу қажет.

## 3. Мәселенің қазіргі жай-күйін талдау

Мәселенің қазіргі жай-күйіне жасалған талдау облыстың әр аймақтарының жемазық жайылымдарымен қамтамасыз етілуінің мынадай әр түрлі дәрежелерін көрсетеді: дәстүрлі мал шаруашылығы бар және жер жыртылуы деңгейі төмен

аудандарда (Май, Баянауыл, Лебяжі аудандары, Ақсу, Екібастұз қалалары) - қанағаттанарлық, дәнді дақылдарды егіп өсіретін және жер жыртылуының деңгейі жоғары (Ертіс, Железин, Качиры, Павлодар, Успен аудандары, Шарбақты ауданының солтүстік бөлігі) аудандарда - жоғары. Одан басқа, қысқы мезгілге суармал пішендіктен қажетті жемазықты алуға және сол арқылы мал басын көтеруге мүмкіншілігі бар жағадағы ауылдық округтер, әдетте, жайылымдық алаптармен аз қамтамасыз етілген және жайылымның әр гектарына түсетін мал жаю күші көп. ұсақ елді мекендермен салыстырғанда, ірі елді мекендерде жайылымға мал жаюдың күші көп түседі.

Жалпы жағдай жыл сайын жайылымға түсетін күшті арттыруға бағытталған. Егер ауылшаруашылық өндірісінің өзгеруіне дейін мал басының негізгі бөлігі, жеке маусымдық жайылымдарға шығаратын кеншарлар мен ұжшарлардың қарамағында болса және де тек жеке меншік секторының малдары ғана ауылдық Кеңестер жерінде (қазіргі округтер) жайылса, ал қазіргі уақытта бұл жағдай күрт өзгерген. Жеке меншік қарамағына қарайтын мал басы, көбіне, ауылдық округ жерінде жайылады және де бұл мал басы үнемі өсіп отырады.

Ауылдық округтер мен ауылдық елді мекендердегі шөптің қалыңдығын зерттеу негізінде, ауылдық округ әкімдерінің қарамағындағы 1 млн. 210,7 мың га. жайылымның 1 млн. 078,5 мың га. жарамды жағдайда, ал 121 мың га. жарамсыз ( соғылған) жағдайда және 11,2 мың га. құлдырағаны (1- қосымша) анықталды.

Сонымен қатар, Павлодар облысында (2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) ауылшаруашылық айналымнан шығарылған 1233 мың га. жайылым бар. Бұл жерлер босалқы жерлер санатына енгізілген. Көбіне, бұл аз өнімді, құрамында қарашірігі төмен, сортаң және эрозияға ұшыраған, тек шалғындандырудың негізінде еркекешөп, арпабас, қылтан, сол сияқты көпжылдық бұршақты шөптерді (тұқым болған жағдайда) отырғызғаннан кейін ғана ұтымды пайдалануға келеді. Осындай жерлердің едәуір бөлігі елді мекендер шекарасында да, одан тыс жерлерде де орналасқан.

Зерттеу материалдарына және атқарушы органдардың, қалалар мен аудандардың мүдделі қызметтерінің келісімдеріне сәйкес облыстың ауылдық округтері мен елді мекендерінің тізімі, 2005-2007 жылдары шалғындандырылатын жерлердің аудандары және қаржыландыру көздері анықталған (2- қосымша).

Шалғындандыру нысаналарын таңдаған кезде, жайылым көлемдері мен олардың жағдайлары; жайылымдардың соғылу (құлдырау) дәрежесі; мал басы санына және 1 га жайылымына түсетін ауыртпашылығы; жайылма және басқа табиғи шабындықтардың бары мен жоқтығы; жайылымдардың елді мекендерден алыс орналасқаны ескеріледі.

2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыста 14384 га бұзылған

жерлер бар, оның құрамындағы едәуір аумақтарды қойнаулы жер нысандары ( көмір кенін, жалпы таралған пайдалы қазбаларды қазып алу орны), тау кендерінің үйінділері, күл-қоқыс жинағыштары, сол сияқты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарын тастау үйінділері, ескі және қираған құрылыстар алып жатыр. Олардың ішінен 4923 га жерді қайта қалпына келтіру қажет.

Бүлінген жерлердің көбі Екібастұз - 9529 га, Павлодар - 1966 га, Ақсу - 765 га қалаларының ауылдық аймақтарында, Баянауыл ауданында - 826 га, Успен ауданында - 352 га, ал басқа аудандарда бүлінген жерлердің ауданы 65 - тен 200 га дейін.

Жалпы бүлінген жерлердің құрамында жерлерді өз қаражаттарынан қайта қалпына келтіруге тиісті әр түрлі шаруашылық субъектілердің жер пайдалану құқығына жататын жерлер, сол сияқты облыс бюджеті есебінен қайта қалпына келтіруге қажетті иесіз бүлінген (таратылған кәсіпорындардың шаруашылық қызметі кезінде пайда болған) жерлер бар.

Қала және аудан әкімдері келісімдері бойынша, қалалар мен аудандарының жерге орналастырушы қызметтері ұсынған материалдарға сәйкес, (қала және аудандарда) бүлінген жерлердің нысаналары, олардың аумақтары мен жұмыстарды қаржыландыру көздері анықталған.

**Күшті жақтары:** облыста үлкен көлемде шалғындандыру және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің көпжылдық тәжірибесінің, ауқым жұмыстарды жүргізу үшін ғылыми, кадрлық және өндірістік мүмкіншіліктерінің болуы; бірқатар шаруашылық, әлеуметтік және экологиялық міндеттердің шешілуі, жерлерді айналымға тарту мәселесінің басқа шешімінің жоқтығы, олардан ауылшаруашылық өнімдерінің қайта алу, экологиялық жағдайдың жақсаруы уақытша пайдаланылмайтын жерлерді шалғындандыру мен бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру мәселесін шешудің негізгі өзегі болып табылады.

**Осал жақтары:** жұмысты орындау үшін жанар-жағармай құнының жоғарлылығы, шөп тұқымдарының жетіспеушілігі мен түр-түрінің жеткіліксіздігі , тыңайған (уақытша пайдаланылмайтын) жерлердің өте ластығы, қайта қалпына келтіру жұмысының күрделігі.

**Қауіп-қатерлер:** жаздың бірінші жартысында қатал климат жағдайларының қолайсыздығы мен атмосферада ылғалдықтың жетіспеушілігі егіннің уақытында немесе түгелдей көктемеуіне, кейбір жағдайларда - шалғындандыру кезінде қуаншылықтан құруына әкеліп соқтырады. Қайта қалпына келтіру кезінде қатер тимейді.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты тұрғындардың қосалқы шаруашылығына жемазықтың жетіспеушілігінен тапшылық көріп отырған облыстың елді мекендеріне жақын орналасқан ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылған

аз өнімді және тыңайған жерлерді шалғындандыру, сол сияқты шаруашылық қызмет нәтижесінде пайда болған жерлерді қайта қалпына келтіру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері: тыңайған жерлерді пішендік-жайылым айналымына тарту, топырақтың құнарлылығын және жемазық өнімділігін арттыру, тұрғындардың мал шаруашылығы үшін жемазық базасын нығайту, экологиялық жағдайды жақсарту.

## 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асырудың тетіктері

Жерлерді шалғындандыру міндеттерін жүзеге асыру үшін:

ауылдық елді мекендердегі жайылым жайылымдарының қазіргі жай-күйін талдау;

ауылдық елді мекендер мен округтердегі жайылым жайылымдарына түсетін күшті және жемазықпен қамтамасыз етілуін анықтау;

шалғындыру үшін жер учаскелерін іріктеп алу;

шалғындыру жұмысының жобасын әзірлеу;

конкурс өткізу арқылы шалғындыру жұмысын орындаушыларды таңдау;

жұмыс жобасына сәйкес аз өнімді жайылымдарда шалғындандыру жүргізу;

жұмысты өткізуге авторлық қадағалау жүргізу;

шалғындандырылған жерлер ауылдық округтің (актілер бойынша) әкімдеріне тапсырылсын.

Шалғындару жұмыстарын Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері күшімен, сол сияқты облыс бюджеті есебінен жүргізу қарастырылып отыр. Шаруашылық субъектілердің қаржыландыру мен шалғындандыру жұмыстарын жүргізуге мүдделіктерін арттыру үшін, ең алғашқы 3 жылда шаруашылық субъектілер өз қажеттіліктері үшін шөпті шауып алып, содан соң осы учаскелерді тұрғындардың малын бағу үшін ауылдық әкімдерге беру үшін кент әкімдері, ауылдық әкімдер мен шаруашылық субъектілердің арасында келісім шарт жасасу ұсынылып отыр. Бюджет қаражаты есебінен жерлерді шалғындандыру жұмыстарын жүргізу үшін конкурстық негізде, игерілген жерлерді ауылдық әкімдерге тапсыратын, мердігерлік ұйымдар қатысады.

Бастапқы деректер:

жоспарлау-зерттеу материалдары;

жер учаскелерін таңдау актілері;

топырақ-агрохимиялық және геоботаникалық карталарымен оқып білу арқылы топырақ пен өсімдіктердің жағдайын талдау, оларды жақсарту жөніндегі ұсыныстар;

техника, тұқым, жанар-жағармай материалдарының қажеттілігін есептеу;

1 га жерді шалғындандыру құнының есебі.

Бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру міндеттерін жүзеге асыру үшін:

бүлінген жерлерге қосымша түгендеуді жүргізу;

бүлінген жерлердің жай-күйін талдау;

ең бірінші кезекте қайта қалпына келтіруге жататын бүлінген жер учаскелерін іріктеп алу;

қайта қалпына келтіру жұмысының жобасын әзірлеу және экологиялық сараптамадан өткізу;

конкурс өткізу арқылы қалпына келтіру жұмысын орындаушыларды таңдау (бюджеттік қаражат көздерінен);

жұмыс жобасына сәйкес бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіруді орындау;

жұмысты өткізуге авторлық қадағалау жасау;

қалпына келтірілген жер учаскелерін атқарушы органдардың қарамағына (актілер бойынша) тапсыру.

Қалпына келтіру жұмыстарын ірі өнеркәсіп өндірістерінің қаражаттарынан сияқты, агроқұрылымдардың күшімен де, сол сияқты жергілікті облыс бюджеті есебінен жүргізу қарастырылып отыр. Бүлінген жерлерді бюджет қаражаты есебінен қайта қалпына келтіру жұмыстарын орындау үшін конкурстық негізде мердігерлік ұйымдар тартылатын болады.

Бастапқы деректер:

бүлінген жерлерді түгендеудің есебі;

жоспарлау-зерттеу материалдары;

бүлінген жердің әр учаскесін талдау;

техника, тұқым, жанар-жағармай материалдарының қажеттілігін есептеу;

1 га жерді шалғындандыру құнының есебі.

Жұмыс жобасында, елді мекендерге жақын орналасқан, бұрынғы жыртылған жерлерді шалғындандыру қарастырылуы қажет. Жобаны әзірлеу барлық қажетті агротехникалық талаптарға сай келуі керек.

Шөптердің өсуін жаңғырту мен арамшөптердің тұқымдануын болдырмау мақсатында алдын-ала егіс даласын қалған арамшөптерден тазарту, топыраққа аралық және алдын ала себу дайындығы, алдын ала себу мен кейінгі себуді шоғырландыру, екі рет арам шөптерді отау, шөп себудің көктемгі мезгілдегі жұмыс жобасының базалық нұсқасы болу керек.

Сонымен бірге, ауа райына байланысты (жобаны әзірлеушілердің келісімімен) шөптерді себу мезгілдері жазғы (шілделік) немесе күздің соңына (тамыздық) ауыстырылатыны жұмыс жобасында ескерілуі қажет. Осыған орай (егіс далаларын арамшөптерден тазарту үшін) арамшөптерді бір немесе қос рет шабу, жартылай бу түрі бойынша шөпті себуге дейін, бір немесе екі аралық жазық кескінді топырақты өңдеуге (смета бағасының шегіне сәйкес) ауыстырылуы

қ а ж е т .

Жұмыс жобасының базалық нұсқасында аса көп таралған дәнді дақылдардың бірі, еркекшөпті себу қарастырылып отыр. Сонымен бірге, (жобаны әзірлеушілердің келісімі бойынша және сметалық бағалауға сәйкес) басқа да көп тараған дәнді дақылдар: арпабас, тамырсабақсыз бидайық, жоңылқа, осы дақылдардың еркекшөппен қосындысы (топырақтық-климаттық ауа райы жағдайына, тұқымдардың болуына байланысты) пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда жамылғысыз да, жамылғылы да шөпті себуге болады.

Егер шөпті себу мезгілдері базалық (көктемгі) нұсқаудан ауытқыса, өскіндерді алу кезіндегі аралық қаржыландыру кестесі де өзгереді.

Шөптердің табысты қыстауы мен сақталуының кепілі болып табылатын шөптердің толық түптену сатысында қысқа кетуі шалғындандыру жұмыстары аяқталуының негізгі белгісі болып табылады. Аймақтарды тазарту, беткейлерді отау, топырақты төсеу, немесе жермен тегістеу, күл-қоқыс тозаңының болмауы, тау үйінділердің жанбауы бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстары аяқталуының негізгі белгісі болып табылады.

Шалғындандырылған және қалпына келтірілген жерлерді қала, кент, ауыл, ауылдық округтің әкімдеріне актілер бойынша тапсыру барлық жұмыстардың аяқталғаны деп саналады.

## 6. Қажетті ресурстар және бағдарламаны қаржыландыру көздері

"ПавлодаржерғөО" еншілес мемлекеттік өнеркәсібінің орындауымен жасалған, орташа есеп бойынша, 2005 жылы 1 га жерді шалғындандыру құны 9,52 мың теңгені құрайды. Жыл сайынғы 6 пайызға ақшаның құнсыздануы деңгейін ескере отырып 1 га жерді шалғындандыру шығыны (шамамен): 2006 жылы - 10,09 мың теңге, 2007 жылы - 10,69 мың теңге құрайтын болады. Есептеу орташа есеп бойынша алынған, өйткені бұл аймаққа, топырақ түріне, оның тығыздығына, күн көзінің болуына, ластанудың түрі мен дәрежесіне байланысты (3, 4 - қосымшалар).

Бағдарлама бойынша барлығы 21484 га ауданда, соның ішінде шаруашылық субъектілердің күшімен (келісім бойынша) - 8030 га, облыс бюджеті есебінен - 13454 га (5 - қосымша) шалғындандыруды жүргізу қарастырылып отыр.

Жерлерді шалғындандыру үшін келесі қаражат көздері қарастырылған: облыс бюджетінен - 135800 мың теңге, Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де қаржы көздерінен - 80509 мың теңге, (6,7 - қосымшалар).

Бюджеттен шалғындандыру жұмыстарын жүргізу үшін қаражат бөлуге заңды негіз бар, себебі, Жер кодексіне сәйкес, елді мекендер жерлері - мемлекеттік.

Жанар-жағармай материалдары мен тұқымдарды сатып алу үшін конкурсқа қатысушының өтініші бойынша берілген жұмыс құнының 30% мөлшері конкурс

жеңімпаздарына аванс бөлу арқылы жүзеге асырылады. Жекелеген жұмыс кезеңдерін, шөп себуді қоса санағанда (толық көктеуі бойынша) орындау барысында тиісті актілер негізінде аралық қаржыландыру 30% көлемінде жүзеге асырылады. Ақырғы төлем ( қалған 40%) барлық жұмыс көлемі орындалғаннан кейін және шалғындандырылған жерлер актілер бойынша ауылдық округ әкімдеріне тапсырылғаннан кейін беріледі.

Бағдарлама бойынша барлығы 4197 га, соның ішінде жер пайдаланушылардың өз қаражаттары есебінен (келісім бойынша) - 2378 га, облыс бюджеті есебінен - 1819 га ( 2005 жыл - 1309 га, 2006 жыл - 1396 га, 2007 жыл - 1492 га, 8 - қосымша) бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру қарастырылуда.

Болжамды есеп бойынша селолық аудандар мен қаланың ауылдық аймақтарында 1 га жерді қайта қалпына келтіру құны 30 мың теңгені, өнеркәсіп аудандарында жұмыстың қиындығы мен күрделігіне және шаңбасудың қажеттілігіне байланысты, қаланың өндірістік аймақтарында - 65 мың теңгені құрайды.

Бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру үшін келесі қаражат көздері қарастырылған: облыс бюджетінен - 63,3 млн. теңге, Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қаржы көздерінен - 150,1 млн. теңге. Жалпы бағдарламаны іске асыру үшін 213,4 млн. теңге қажет (9,10 - қосымшалар).

Жанар-жағармай материалдары мен тұқымдарды сатып алу үшін конкурсқа қатысушының өтініші бойынша берілген жұмыс құнының 30% мөлшерінде конкурс жеңімпаздарына аванс бөлу арқылы жүзеге асырылады. Тиісті актілер негізінде, техникалық және биологиялық қалпына келтіру жұмыстарының жекелеген жұмыс кезеңдері орындалғаннан кейін конкурсант өтініш түсірген құнының, 30% көлемінде аралық қаржыландыру жүзеге асырылады. Ақырғы төлем ( қалған 40%) барлық жұмыс көлемі орындалғаннан кейін және қалпына қайта келтірілген жерлерді актілер бойынша жергілікті атқарушы органдарға тапсырылғаннан кейін беріледі.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 25,7 мың га, (соның ішінде 21,5 мың га қосалқы ауылшаруашылық жайылымдары, бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру есебінен - 4,2 мың га көлеміндегі жерлер) ауыл-шаруашылық айналымына тартылады. Шалғындандыру жұмысы жүргізілгеннен кейін күтілетін пішен түсімділігі табиғи аймаққа байланысты шөп шығудың екінші-төртінші жылдарында 5-10 ц/га құрайды. Кейінгі жылдары (5 және одан да көп) осы жерлер тұрғындардың мал шаруашылығы үшін жайылым жері ретінде қолданылады. Облыстағы экологиялық жағдайға қолайлы әсер ететін,

жерді шалғындандыру оларды құнарландыру, ластану деңгейінің төмендеуі мен зиянкестермен (ең алдымен, шегіртке тұқымдасымен) зақымдануы, желден және судан бүліну қаупін сақтауға әкеледі. Елді мекендерге жақын орналасқан қосымша енгізілген пішендік және жайылымдық жерлер - тұрғындардың қосалқы шаруашылықтарының мал шаруашылығы жемазығын тұрақтандыруға, мал басы санының көбеюіне, мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің ұлғаюына және тұрғын-дардың кірісінің артуына мүмкіндік туғызады.

Бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру оларды құнарландыруға, елді мекендерді көркейтуге, облыстың экологиялық және санитарлық жағдайына қолайлы әсер етеді.

Жалпы осы Бағдарламаны, сондай-ақ облыстың ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру бірнеше мақсатты экономикалық, экологиялық және әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешуге нақты мүмкіндік жасайтын болады.

## 8. Облыстың ауылдық елді мекендерінің аз өнімді жерлерін шалғындандыру мен бүлінген жерлерін қайта қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| N р/с | Шаралар атауы | Аяқтау нысаны | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| **1. Облыстың елді мекендердегі жерлерін шалғындандыру** | | | |
| 1. | Облыстың әр елді мекені бойынша жерлерді шалғындандыру жөнінде әзірлеу жұмыстарын сатып алу, жұмыс жобаларын әзірлеу | Бекітілген жұмыс жобалары | Облыс мемлекеттік сатып алу, жер пайдалану департаменттері, конкурс жеңімпазы |
| 2. | Облыстың әр елді мекені бойынша жерлерді шалғындандыру бойынша конкурстық құжаттаманы әзірлеу, конкурс өткізу (бюджеттік қаржыландыру көзі бойынша) | Конкурстық құжаттаманың пакеті | Облыс мемлекеттік сатып алу, жер пайдалану департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері |
| 3. | Шарттарды жасасу, жұмыстарды ұйымдастыру, авторлық қадағалау, жұмыстың орындалу сапасын тексеру | Шарттар, орындалатын жұмыстардың аралық актілері | Облыс жер пайдалану департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері, конкурс жеңімпазы |
| 4. | Бюджет қаражаты есебінен орындалатын облыстың елді мекендерінде жүргізілетін | Жұмыстарға аванс беру, орындалған жұмыстардың аралық актілері | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шалғындандыру жұмыстарына аванс беру және аралық қаржыландыру | | Облыс қаржы, жер пайдалану департаменттері |
| 5. | Облыстың елді мекендері жерлерін шалғындандыру жұмыстарын орындау | Орындалған жұмыстардың актілері | Облыс жер пайдалану департаменті, конкурс жеңімпаздары |
| 6. | Шалғындандыру жұмыстарын кент, ауыл (село), ауылдық (ауылдық) әкімдерге тапсыру арқылы орындалу жұмыстарын қабылдау | Орындалу жұмыстарын қабылдау және шалғындандыралған жерлерді кент, ауыл (село), ауылдық (ауылдық) округтердің әкімдеріне тапсыру актісі | Облыс жер пайдалану департаменті, облыс бойынша жер ресурстарын басқару комитеті (келісім бойынша), облыстың кент, ауыл (село), ауылдық (ауылдық) округтердің әкімдері, конкурс жеңімпаздары |
| **2. Бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру** | | | |
| 7. | Облыстың әр елді мекені (қалпына келтіру нысаны) бойынша жерлерді қалпына келтіру жөнінде әзірлеу жұмыстарын сатып алу, жұмыс жобаларын әзірлеу | Бекітілген жұмыс жобалары | Облыс мемлекеттік сатып алу, жер пайдалану департаменттері, конкурс жеңімпаздары |
| 8. | Жерді қалпына келтіру жөнінде жұмыстарға арналған конкурстық құжаттаманы әзірлеу және конкурс өткізу | Конкурстық құжаттаманың пакеті | Облыс қаржы және жер пайдалану департаменттері, қалалар мен аудан әкімдері |
| 9. | Шарттарды жасасу, жұмыстарды ұйымдастыру, авторлық қадағалау, жұмыстың орындалу сапасын тексеру | Шарттар, орындалу жұмыстарының аралық актілері | Облыс жер пайдалану департаменті, қалалар мен аудандар әкімдері, конкурс жеңімпаздары |
| 10. | Аванс беру және бюджет есебінен қаржыландырылатын бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын аралық қаржыландыру | Жұмыстарға аванс беру, орындалған жұмыстардың аралық актілері | Облыс қаржы және жер пайдалану департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері |
| 11. | Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын орындау | Орындалған жұмыстардың актілері | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Облыс жер пайдалану департаменті, конкурс жеңімпаздары |
| 12. | Қалпына келтіру жұмыстарын облыс кенті, ауыл (село), ауылдық (ауылдық) әкімдеріне бірден тапсыру арқылы атқарылған жұмыстарды қабылдау | Орындалған жұмыстарды қабылдау және бүлінген жерлерді облыстың кент, ауыл (село), ауылдық ( ауылдық) округтердің әкімдеріне тапсыру актісі | Облыс жер пайдалану департаменті, облыс бойынша жер ресурстарын басқару комитеті (келісім бойынша), облыс кенттерінің , ауыл (село), ауылдық ( ауылдық) округтердің әкімдері, конкурс жеңімпаздары |

кестенің жалғасы

| **Орындалу мерзімдері** | **Болжамды шығыстар, (млн . теңге)** | **Қаржыландыру көзі** |
|---|---|---|
| **5** | **6** | **7** |
| 2005 жыл қаңтар 2006 жыл қаңтар 2007 жыл қаңтар | 2,7<br>3,5<br>3,0 | Облыстық бюджет |
| 2005 жыл наурыз 2006 жыл наурыз 2007 жыл наурыз | | Қаржыландыру қажет емес |
| Жыл бойы | | Қаржыландыру қажет емес |
| Жыл сайын - жанар-жағар май алу үшін алдын ала аванс беру Жыл сайын - жаппай өскін шыққан кезде аралық актілерге сәйкес аралық қаржыландыру | Өтініш бойынша берілген жұмыс құнының 30% мөлшері өтініш бойынша берілген жұмыс құнының 30% мөлшері | Облыстық бюджет Облыстық бюджет |

| | | |
|---|---|---|
| 2005 жыл<br>2006 жыл<br>2007 жыл<br>2005 жыл<br>2006 жыл<br>2007 жыл | 37,7<br>48,0<br>40,9<br>32,7<br>22,2<br>25,7 | Облыстық бюджет, Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері |
| Жыл сайын, қыркүйек-қазан | | Қаржыландыру қажет емес |
| 2005 жыл қаңтар 2006 жыл қаңтар 2007 жыл қаңтар | 1,1<br>1,4<br>1,8 | Облыстық бюджет |
| 2005 жыл наурыз 2006 жыл наурыз 2007 жыл наурыз | | Қаржыландыру қажет емес |
| Жыл бойы | | Қаржыландыру қажет емес |
| Жыл сайын - жанар-жағар май алу үшін алдын ала аванс беру Жыл сайын - аралық актілерге сәйкес аралық қаржыландыру | Өтініш бойынша берілген жұмыс құнының 30 % мөлшері өтініш бойынша берілген жұмыс құнының 30 % мөлшері | Облыстық бюджет<br>Облыстық бюджет |
| 2005 жыл<br>2006 жыл<br>2007 жыл<br>2005 жыл<br>2006 жыл<br>2007 жыл | 15,6<br>18,7<br>24,6<br>51,5<br>52,2<br>46,4 | Облыстық бюджет Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбайтын қаржыландыру көздері |

| | | |
|---|---|---|
| Жыл сайын қыркүйек-қазан | | Қаржыландыру қажет емес |

Бағдарламаның 1-қосымшасы

## Елді мекендер санатындағы бар жайылымдар, олардың жай-күйі мен малдың 1 шартты басы есебіндегі қамтамасыз етілуі

| N р/с | Қалалар мен аудандардың атауы | Ауылдық округтер мен ірі елді мекендер саны | 2004 ж. 1 маусымдағы мал басы (мың шарт. бас.) | Жайылымдардың аумағы барлығы (мың га.) |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 1 | Павлодар | 5 | 11,4 | 13,1 |
| 2 | Екібастұз | 15 | 22,5 | 177,6 |
| 3 | Ақсу | 15 | 26,4 | 134,6 |
| 4 | Ақтоғай | 13 | 24,4 | 109,9 |
| 5 | Баянауыл | 15 | 33,2 | 203,2 |
| 6 | Железин | 13 | 23,3 | 83,7 |
| 7 | Ертіс | 18 | 29,2 | 99,2 |
| 8 | Качиры | 14 | 25,2 | 68,0 |
| 9 | Лебяжі | 11 | 23,6 | 83,7 |
| 10 | Май | 12 | 23,5 | 76,7 |
| 11 | Павлодар | 16 | 24,6 | 53,0 |
| 12 | Успен | 13 | 15,2 | 57,9 |
| 13 | Шарбақты | 16 | 23,1 | 50,1 |
| | ЖИЫНЫ | 176 | 305,6 | 1210,7 |

| **Жай-күйі** | | | **(1 шарт. мал басына, га) келетін жарамды жайылым** |
|---|---|---|---|
| **жарамды** | **жарамсыз (соғылған)** | **тозған** | |
| **6** | **7** | **8** | **9** |
| 9,2 | 3,8 | 0,1 | 0,8 |
| 172,0 | 5,6 | | 7,6 |
| 111,4 | 23,2 | | 4,2 |
| 96,6 | 13,3 | | 4 |
| 196,7 | 6,5 | | 4,6 |
| 52,6 | 22,7 | 8,4 | 1,9 |
| 89,6 | 9,6 | | 3,1 |
| 62,1 | 5,9 | | 2,4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 77,2 | 6,5 | | 3,2 |
| 72,3 | 4,4 | | 3 |
| 42,4 | 10,6 | | 1,9 |
| 53,4 | 4,5 | | 3,5 |
| 43,0 | 4,4 | 2,7 | 1,9 |
| 1078,5 | 121,0 | 11,2 | 3,5 |

Бағдарламаның 2-қосымшасы

## Шалғындандырылатын жер көлемі мен қаржыландыру көздері көрсетілген облыс ауылдық округтері мен елді мекендерінің тізбесі

(га)

| **N р\с** | **Облыстың ау ылдық округтері мен елді мекендерінің атау ы** | **Шалғындандыру жерлерінің жалпы көлемі** |
|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** |
| | Павлодар қаласы | |
| 1 | Ленин кенті | 990 |
| 2 | Кенжекөл | 1150 |
| 3 | Мойылды ауылы | 210 |
| 4 | Павлодар ауылы | 594 |
| | Жиыны | 2944 |
| | Екібастұз қаласы | |
| 1 | Аққөл | 350 |
| 2 | Екібастұз | 300 |
| 3 | Қарасу | 350 |
| | Жиыны | 1000 |
| | Ақсу қаласы | |
| 1 | Ақсу қаласы | 400 |
| 2 | Айнакөл | 200 |
| 3 | Достық | 300 |
| 4 | Жолқұдық | 300 |
| 5 | Қалқаман | 360 |
| | Жиыны | 1560 |

| | | |
|---|---|---|
| | Ақтоғай ауданы | |
| 1 | Ақтоғай | 300 |
| 2 | Әуелбек | 300 |
| 3 | Қажамжар | 300 |
| 4 | Караөбе | 300 |
| 5 | Мүткен | 300 |
| 6 | Приреченск | 300 |
| 7 | Харьков | 300 |
| | Жиыны | 2100 |
| | | |
| | Баянауыл ауданы | |
| 1 | Бірлік | 150 |
| 2 | Қаратомар | 250 |
| 3 | Қызылтау | 100 |
| | Жиыны | 500 |
| | | |
| | Железин ауданы | |
| 1 | Башмақты | 400 |
| 2 | Железин | 400 |
| 3 | Прииртышье | 200 |
| | Жиыны | 1000 |
| | | |
| | Ертіс ауданы | |
| 1 | Абай | 600 |
| 2 | Байзақов | 400 |
| 3 | Ертіс | 350 |
| 4 | Қызылжар | 750 |
| 5 | Ленин | 350 |
| 6 | Майқоңыр | 350 |
| 7 | Панфилов | 280 |
| | Жиыны | 3080 |
| | | |
| | Качиры ауданы | |
| 1 | Качиры | 350 |
| 2 | Октябрь | 250 |
| 3 | Песчанск | 200 |

| | | |
|---|---|---|
| | Жиыны | 800 |
| | | |
| | Лебяжі ауданы | |
| 1 | Жамбыл | 200 |
| 2 | Лебяжі | 200 |
| 3 | Ямышев | 200 |
| | Жиыны | 600 |
| | | |
| | Май ауданы | |
| 1 | Ақжар | 200 |
| 2 | Көктүбек | 300 |
| | Жиыны | 500 |
| | | |
| | Павлодар ауданы | |
| 1 | Григорьев | 300 |
| 2 | Заря | 300 |
| 3 | Луганск | 300 |
| 4 | Рождественск | 300 |
| 5 | Жетекші ауылы | 300 |
| 6 | Ольгинка ауылы | 300 |
| 7 | Пресное ауылы | 300 |
| 8 | Черноречк | 300 |
| 9 | Черноярка | 300 |
| | Жиыны | 2700 |
| | | |
| | Успен ауданы | |
| 1 | Ильич | 115 |
| 2 | Ковалевск | 115 |
| 3 | Лозов | 115 |
| 4 | Надаров | 115 |
| 5 | Новопокров | 115 |
| 6 | Ольгинка | 115 |
| 7 | Павлов | 115 |
| 8 | Равнополь | 115 |
| 9 | Богатырь ауылы | 115 |
| 10 | Қаратай ауылы | 115 |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Табылжан ауылы | 115 |
| 12 | Тимирязев ауылы | 115 |
| 13 | Успен | 470 |
| | Жиыны | 1850 |
| | Шарбақты ауданы | |
| 1 | Ильич | 350 |
| 2 | Красилов | 650 |
| 3 | Назаров | 200 |
| 4 | Орлов | 500 |
| 5 | Татьянов | 150 |
| 6 | Хмельницкий | 300 |
| 7 | Шарбақты | 700 |
| | Жиыны | 2850 |
| Барлығы облыс бойынша | | 21484 |

| **Облыстық бюджет есебінен** | | | **Қала мен аудан бюджеті және заңнамаларда тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2005ж.** | **2006ж.** | **2007ж.** | **2005ж.** | **2006ж.** | **2007ж.** |
| **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** |
| 390 | 300 | 300 | | | |
| | 350 | 400 | | | |
| | 400 | 210 | | | |
| 244 | 350 | | | | |
| 634 | 1400 | 910 | | | |
| 350 | | | | | |
| | 300 | | | | |
| | | 350 | | | |
| 350 | 300 | 350 | | | |
| 200 | | 200 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 200 | | | | |
| | 300 | | | | |
| | | 300 | | | |
| 360 | | | | | |
| 560 | 500 | 500 | | | |
| | 300 | | | | |
| 300 | | | | | |
| 300 | | | | | |
| | 300 | | | | |
| | | 300 | | | |
| 600 | 600 | 300 | | | |
| 150 | | | | | |
| | 250 | | | | |
| | | 100 | | | |
| 150 | 250 | 100 | | | |
| | 400 | | | | |
| 400 | | | | | |
| | | 200 | | | |
| 400 | 400 | 200 | | | |
| | | | | 300 | 300 |
| | | | | | 400 |
| 350 | | | | | |
| | 400 | 350 | | | |
| | | | | 350 | |
| | | | 350 | | |
| | | | 280 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 350 | 400 | 350 | 630 | 650 | 700 |
| 350 | | | | | |
| | | 250 | | | |
| | 200 | | | | |
| 350 | 200 | 250 | | | |
| | | 200 | | | |
| 200 | | | | | |
| | 200 | | | | |
| 200 | 200 | 200 | | | |
| | 200 | | | | |
| | | 300 | | | |
| | 200 | 300 | | | |
| | | | 100 | 100 | 100 |
| | 300 | | | | |
| | | | 100 | 100 | 100 |
| | | | 100 | 100 | 100 |
| | | 300 | | | |
| | | | 100 | 100 | 100 |
| 300 | | | | | |
| | | | 100 | 100 | 100 |
| | | | 100 | 100 | 100 |
| 300 | 300 | 300 | 600 | 600 | 600 |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| | | | 115 | | |
| 350 | | | 120 | | |
| 350 | | | 1500 | | |
| | | | 100 | 100 | 150 |
| | | | 250 | 200 | 200 |
| | | | | 100 | 100 |
| | | | | 200 | 300 |
| | | | 50 | 50 | 50 |
| | | | 100 | 100 | 100 |
| | 350 | 350 | | | |
| | 350 | 350 | 500 | 750 | 900 |
| 4244 | 5100 | 4110 | 3430 | 2200 | 2400 |

Бағдарламаның 3-қосымшасы

## 2005 жылға арналған (1 га есебіндегі ) аз өнімді жерлерді шалғындандыру үшін жүргізілетін технологиялық операциялардың орташа шығыс сметасы

| **N р\с** | **Жұмыс және шығыс атауы** | **Құны (теңге)** |
|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** |
| 1 | Учаскені өсімдіктер қалдығынан тазарту жұмыстары (шабу, дестелеу, шөмелелеп итеру, тасып шығару) | 851,2 |
| 2 | Ерте көктемдік өңдеу: тыңайған жерлерді делегейлі тырмалармен екі ізбен сыдыра жырту | 1344,9 |
| 3 | ТКҚТ - 3,5 КПЭ - 3,8 тұқым себер алдында 16-18 см тереңдікте өңдеу | 1363,9 |
| 4 | Тұқым себерге дейін сақиналы нығыздау | 275,6 |
| 5 | Еркекшөпті 2,5 - 3,0 см тереңдікте өңдеу | 560 |
| 6 | Тұқым себуден кейін сақиналы нығыздау | 275,6 |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көпжылдық шөптердің тұқымдарын тұқым сепкішке құю, тиеу, тасымалдау | 3,7 |
| 8 | Көпжылдық шөптер тұқымының (еркекшөптің) құны | 1091,9 |
| 9 | Арамшөптерді үш мәртебе қайталап шабу | 1189,2 |
| | ЖИЫНЫ | 6956 |
| | Үстеме шығындар (19%) | 1322 |
| | Үстеме шығындармен бірге жиыны | 8278 |
| | Жоспарлы қорлану (15%) | 1242 |
| | БАРЛЫҒЫ 1 га шығыны | 9520 |

Ескерту: 2006 және 2007 жылдарға 6% мөлшерінде жыл сайынғы ақшаның құнсыздануының коэффициенті ескерілген

Бағдарламаның 4-қосымшасы

## 2005 жылы (1 га есебіндегі) аз өнімді жерлерді шалғындандыру жөніндегі жобалау-зерттеу жұмыстары құнының есебі

| N р\с | Жұмыс түрлері | Есептеу құны | Құны (мың теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Шалғындандыру учаскесін таңдау, материалдарды іріктеу, келісу | 0,115 адам/күн х1593 | 183,0 |
| 2 | Топырақты тексеруге түзету енгізу | 0,059 адам/күн х1483 | 87 |
| 3 | Аз өнімді жерлерді шалғындандыру жоспарын жасау. Технологияны әзірлеу, жұмыс көлемін есептеу, сметалық құнын жасау | 0,185 адам/күн х1593 | 295 |
| | ЖИЫНЫ | | 565 |
| | ҚҚСС 15% | | 85 |
| | БАРЛЫҒЫ | | 650 |

Бағдарламаның 5-қосымшасы

## Қаржыландыру көзі бойынша 2005-2007 жылдарға арналған облыстың ауылдық елді мекендерінің аз өнімді жерлерін шалғындырудың жиынтық жоспары

(га)

| N р/с | Қалалар мен аудандардың атауы | Барлығы 2005- | Соның ішінде жылдар және қаржыландыру көздері бойынша |
|---|---|---|---|
| | | | облыстық бюджет |

| | | 2007 жылдары | барлығы | соның ішінде | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2005 | 2006 | 2007 |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** |
| 1 | Павлодар | 2944 | 2944 | 634 | 1400 | 910 |
| 2 | Екібастұз | 1000 | 1000 | 350 | 300 | 350 |
| 3 | Ақсу | 1560 | 1560 | 560 | 500 | 500 |
| 4 | Ақтоғай | 2100 | 1500 | 600 | 600 | 300 |
| 5 | Баянауыл | 500 | 500 | 150 | 250 | 100 |
| 6 | Железин | 1000 | 1000 | 400 | 400 | 200 |
| 7 | Ертіс | 3080 | 1100 | 350 | 400 | 350 |
| 8 | Качиры | 800 | 800 | 350 | 200 | 250 |
| 9 | Лебяжі | 600 | 600 | 200 | 200 | 200 |
| 10 | Май | 500 | 500 | | 200 | 300 |
| 11 | Павлодар | 2700 | 900 | 300 | 300 | 300 |
| 12 | Успен | 1850 | 350 | 350 | | |
| 13 | Шарбақты | 2850 | 700 | | 350 | 350 |
| 14 | ЖИЫНЫ | 21484 | 13454 | 4244 | 5100 | 4110 |

**Соның ішінде жылдар және қаржыландыру көздері бойынша**

**Қала мен аудан бюджеті және заңнамаларда тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен**

| барлығы | соның ішінде | | |
|---|---|---|---|
| | **2005** | **2006** | **2007** |
| **8** | **9** | **10** | **11** |
| 600 | 200 | 200 | 200 |
| 1980 | 630 | 650 | 700 |
| 1800 | 600 | 600 | 600 |
| 1500 | 1500 | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2150 | 500 | 750 | 900 |
| 8030 | 3430 | 2200 | 2400 |

Ескерту: 2004 жылы Успен ауданында аудан бюджетінен 1500 га жерді шалғындандыру жоспарланған. 2004-2005 жылдары жалпы осы ауданда 3350 га жер шалғындандырылады.

Кенжекөл ауылдық округінде, Мойылды ауылында (Павлодар ауданының жерлері) және Ленин кенті (Ақсу қаласы жерлері) жерлерін шалғындандыру Павлодар қаласы жолында көрсетілген.

Бағдарламаның 6-қосымшасы

**Қала мен аудан бюджеті және заңнамаларда тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен бөлінетін қаржылық қаражаттар қажеттілігінің есебі**

| N р/с | Қалалар мен аудандардың атауы | Барлығы 2005-2007 жылдары | | 2005 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Аумағы (га) | Сомасы (мың теңге) | Аумағы (га) | Сомасы (мың теңге) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Павлодар | | | | |
| 2 | Екібастұз | | | | |
| 3 | Ақсу | | | | |
| 4 | Актоғай | 600 | 6060 | 200 | 1904 |
| 5 | Баянауыл | | | | |
| 6 | Железин | | | | |
| 7 | Ертіс | 1980 | 20040 | 630 | 5998 |
| 8 | Качиры | | | | |
| 9 | Лебяжі | | | | |
| 10 | Май | | | | |
| 11 | Павлодар | 1800 | 18180 | 600 | 5712 |
| 12 | Успен | 1500 | 1480 | 1500 | 14280 |
| 13 | Шарбақты | 2150 | 21949 | 500 | 4760 |
| 14 | ЖИЫНЫ: | 8030 | 80509 | 3430 | 32654 |

| 2006 ж. | | 2007 ж. | |
|---|---|---|---|
| Аумағы (га) | Сомасы ( мың теңге) | Аумағы (га) | Сомасы ( мың теңге) |
| 7 | 8 | 9 | 10 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 200 | 2018 | 200 | 2138 |
| 650 | 6559 | 700 | 7483 |
| 600 | 6054 | 600 | 6414 |
| 750 | 7568 | 900 | 9621 |
| 2200 | 22199 | 2400 | 25656 |

Ескерту:1 га шалғындандыру құны "ПавлодарЖерғөө" Еншілес мемлекеттік өнеркәсібінің есептеуіне сәйкес қабылданды: 2005 ж. - 9,52 мың теңге, 2006 ж. - 10,09 мың теңге, 2007 ж. - 10,69 мың теңге (жыл сайынға ақшаның өсу құны 6 6% )

Шалғындандыру жұмыстарының құнына жұмыс жобаларын дайындаудың 6,8% мөлшеріндегі құны кіреді.

Бағдарламаның 7-қосымшасы

## Қала мен аудан бюджеті және заңнамаларда тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен бөлінетін қаржылық қаражаттар қажеттілігінің есебі

| **N р/с** | **Қалалар мен аудандардың атауы** | **Барлығы 2005-2007 ж ылдары** | | **2005 ж .** |
|---|---|---|---|---|
| | | **Аумағы (га)** | **С о м а с ы (мың теңге)** | **Аумағы (га)** |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 1 | Павлодар | | | |
| 2 | Екібастұз | | | |
| 3 | Ақсу | | | |
| 4 | Ақтоғай | 600 | 6060 | 200 |
| 5 | Баянауыл | | | |
| 6 | Железин | | | |
| 7 | Ертіс | 1980 | 20040 | 630 |
| 8 | Качиры | | | |
| 9 | Лебяжі | | | |
| 10 | Май | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Павлодар | 1800 | 18180 | 600 |
| 12 | Успен | 1500 | 1480 | 1500 |
| 13 | Шарбақты | 2150 | 21949 | 500 |
| 14 | ЖИЫНЫ: | 8030 | 80509 | 3430 |

| 2005 ж. | 2006 ж. | | 2007 ж. | |
|---|---|---|---|---|
| Сомасы ( мың теңге) | Аумағы (га) | Сомасы ( мың теңге) | Аумағы (га) | Сомасы ( мың теңге) |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1904 | 200 | 2018 | 200 | 2138 |
| 5998 | 650 | 6559 | 700 | 7483 |
| 5712 | 600 | 6054 | 600 | 6414 |
| 14280 | | | | |
| 4760 | 750 | 7568 | 900 | 9621 |
| 32654 | 2200 | 22199 | 2400 | 25656 |

Ескерту: 1 га шалғындандыру құны "ПавлодарЖерғөө" Еншілес мемлекеттік өнеркәсібінің есептеуіне сәйкес қабылданды: 2005 ж. - 9,52 мың теңге, 2006 ж. - 10,09 мың теңге, 2007 ж. - 10,69 мың теңге (жыл сайынға ақшаның өсу құны 6 6% )

Шалғындандыру жұмыстарының құнына жұмыс жобаларын дайындаудың 6,8% мөлшеріндегі құны кіреді.

Бағдарламаның 8-қосымшасы

## Қаржыландыру көздері бойынша 2005-2007 жылдарға арналған облыстың бүлінген жерлерін қайта қалпына келтіру жоспары

| N р/с | Қалалар мен аудандардың атауы | 2004 жылғы 1 қаңтардағы барлық бүлінген жерлер (га) | Соның ішінде 2004 жылғы 1 қаңтардағы | Жерді қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға |
|---|---|---|---|---|

| | | | қайта өнделгені (га) | арналған жоспары |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 1 | Павлодар | 1966 | 1241 | 1210 |
| 2 | Екібастұз | 9529 | 2234 | 1950 |
| 3 | Ақсу | 765 | 168 | 158 |
| 4 | Ақтоғай | 165 | 165 | 108 |
| 5 | Баянауыл | 826 | 314 | 160 |
| 6 | Железин | 99 | 90 | 58 |
| 7 | Ертіс | 167 | 150 | 108 |
| 8 | Качиры | 197 | 110 | 100 |
| 9 | Лебяжі | 65 | 65 | 42 |
| 10 | Май | 72 | 72 | 64 |
| 11 | Павлодар | 69 | 69 | 89 |
| 12 | Успен | 352 | 192 | 111 |
| 13 | Шарбақты | 112 | 53 | 39 |
| 14 | ЖИЫНЫ: | 14384 | 4923 | 4197 |

**Соның ішінде жылдар және қаржыландыру көздері бойынша**

| **Жер пайдаланушылардың қаражаттары есебінен (келісім бойынша), (мың теңге )** | | | **Облыстық бюджет қаражаты есебінен (мың теңге)** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2005** | **2006** | **2007** | **2005** | **2006** | **2007** |
| **5** | **6** | **7** | **8** | **9** | **10** |
| 7475 | 7475 | 10500 | 8100 | 8100 | 10500 |
| 41860 | 42185 | 30615 | 2080 | 4030 | 5980 |
| 870 | 870 | 2061 | 650 | 1300 | 2925 |
| | | 150 | 1020 | 1020 | 1050 |
| 600 | 600 | 600 | 900 | 960 | 1140 |
| | | 300 | 420 | 420 | 600 |
| 650 | 245 | 245 | 430 | 650 | 650 |
| | | 300 | 750 | 1050 | 900 |
| | | 150 | 300 | 300 | 510 |
| | 300 | 600 | 250 | 300 | 300 |
| | 300 | 600 | 600 | 570 | 600 |
| | 270 | 150 | 1050 | 1110 | 750 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 150 | 180 | 300 | 540 |
| 51455 | 52245 | 46421 | 16730 | 20110 | 26445 |

Ескерту: селолық аудандар мен ауылдық аймақтарда 1 га бүлінген жерді қайта қалпына келтіру шамамен 30 мың теңгені, қалалардың өнеркәсіптік аймақтарында - 65 мың теңгені құрайды, бұл өнеркәсіп аудандарындағы жұмыстардың ауыртпашылығына және шаң қысымы қажеттілігіне байланысты.

Бағдарламаның 9-қосымшасы

**Барлық қаржыландыру көздері бойынша 2005-2007 жылдарға арналған облыстың бүлінген жерлерін қалпына келтірудің жинақтық жоспары**

| **N р/с** | **Қалалар мен аудандардың атауы** | **Қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған жоспары (га)** | **Барлық қаржыландыру көздері бойынша қаражаттардың болжамды сомасы (мың теңге)** | **2005 ж.** **Аумағы (га)** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | 5 |
| 1 | Павлодар | 1210 | 52150 | 360 |
| 2 | Екібастұз | 1950 | 126750 | 676 |
| 3 | Ақсу | 158 | 8676 | 29 |
| 4 | Ақтоғай | 108 | 3240 | 34 |
| 5 | Баянауыл | 160 | 4800 | 50 |
| 6 | Железин | 58 | 1740 | 14 |
| 7 | Ертіс | 108 | 2870 | 40 |
| 8 | Качиры | 100 | 3000 | 25 |
| 9 | Лебяжі | 42 | 1260 | 10 |
| 10 | Май | 64 | 1750 | 10 |
| 11 | Павлодар | 89 | 2670 | 20 |
| 12 | Успен | 111 | 3330 | 35 |
| 13 | Шарбақты | 39 | 1170 | 6 |
| 14 | ЖИЫНЫ: | 4197 | 213406 | 1309 |

| **2005 ж.** | **2006 ж.** | | **2007 ж.** | |
|---|---|---|---|---|
| **Сомасы (мың теңге)** | **Аумағы (га)** | **Сомасы (мың теңге)** | **Аумағы (га)** | **Сомасы (мың теңге)** |
| **6** | **7** | **8** | | **10** |

| | | | 9 | |
|---|---|---|---|---|
| 15575 | 360 | 15575 | 490 | 21000 |
| 43940 | 711 | 46215 | 563 | 36595 |
| 1520 | 39 | 2170 | 90 | 4986 |
| 1020 | 34 | 1020 | 40 | 1200 |
| 1500 | 52 | 1560 | 58 | 1740 |
| 420 | 14 | 420 | 30 | 900 |
| 1080 | 34 | 895 | 34 | 895 |
| 750 | 35 | 1050 | 40 | 1200 |
| 300 | 10 | 300 | 22 | 660 |
| 250 | 22 | 600 | 32 | 900 |
| 600 | 29 | 870 | 40 | 1200 |
| 1050 | 46 | 1380 | 30 | 900 |
| 180 | 10 | 300 | 23 | 690 |
| 68185 | 1396 | 72355 | 1492 | 72866 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК